



Құрметті студент!

2017 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларының пәндер реті
5B020900	«Шығыстану»	1. Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану 2. Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы 3. Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы 4. Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану
 - Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы
 - Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы
 - Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану

1. Ресейдегі басты шығыстану орталықтары:

- A) Мәскеу әскери академиясы
- B) Новосибирск шығыстану институты
- C) Петербург Шығыстану институты
- D) СПбМУ Шығыстану институты
- E) Владимирск шығыстану институты

2. Шығыстың жекелеген мемлекеттері туралы ақпаратты алғашқы жеткізген еуропалықтардың бірі:

- A) Афанасий Никитин
- B) Марко Поло
- C) Ибн Батута
- D) Даниил Паломник
- E) Андрео Богели
- F) Поло Карипини
- G) Вильгельм Рубрук

3. Академик В.В. Бартольдтың шығыстанушы ретінде Түркістан өлкесін зерттеуге арналған еңбектері:

- A) «Орта Азия халықтарының тарихы мен әдебиеті»
- B) «Түркістанның тарихы»
- C) «Шығыстану ғылымы бойынша лекциялар жинағы»
- D) «Монғол шапқыншылығы кезіндегі Түркістан»
- E) «Көне түркі жазба ескерткіштері»

4. Набатей мемлекетінде қолданылды:

- A) арамей алфавиті
- B) араб алфавитіне негіз болған алфавит
- C) пиктографиялық жазу
- D) мысырлық жазу
- E) сына жазу

5. Санкт-Петербург университетінде шығыстану факультетінде алғаш ашылған кафедралар:

- A) араб тілі
- B) қырғыз тілі
- C) корей тілі
- D) парсы тілі
- E) өзбек тілі
- F) жапон тілі

6. Синтоизм:

- A) үнділердің діні
- B) тибеттіктердің діні
- C) жапондықтардың діні
- D) корейлердің діні
- E) пұтқа табынатын дін
- F) ұлттық дін

7. Шығыс елдерін зерттеумен айналысатын ғалымдардың шоғырланған жерлері:

- A) Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
- B) Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
- C) М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
- D) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
- E) ҚР БҒМ ҒА Р.Б. Сулейменов атындағы шығыстану институты
- F) Л.Н. Гумилева атындағы Евразия ҰУ

8. Ш. Уәлихановтың Шығыстану ғылымына үлес қосқан еңбектері:

- A) «Путешествия в восточные страны»
- B) «На Заилийском Алатау»
- C) «Родословная тюрков»
- D) «Дневник поездки на Иссык-Куль»
- E) «Очерки Джунгарии»

9. Ресейде қытайтанудың негізін қалағандар:

- A) Х.Д. Френ
- B) А. Казембек
- C) В.П. Васильев
- D) С.Ф. Ольденбург
- E) П. Кафаров
- F) И. Бичурин

10. Ресейге Орта Азия және Иранмен байланыс орнатуға мүмкіндік берген оқиғалар:

- A) Моңғолиямен сауда қатынасын орнату
- B) Қырым хандығының қосылуы
- C) Сібірді игеру
- D) Қазан хандығының қосылуы
- E) Осман империясымен дипломатиялық қатынастың орнауы
- F) Қиыр Шығыстың ашылуы
- G) Қытаймен сауда қатынасын орнату

11. Қазан революциясына дейінгі Ресейде Шығыс елдерімен байланыс орнатуға үлес қосқан мемлекеттік ұйымдар:

- A) Азия мұражайы
- B) Санкт-Петербург академиясы
- C) Қазан гимназиясы
- D) Мәскеу мұражайы
- E) Елшілер приказы (Посольский приказ)

12. Шығыс тілдерін оқытуда жергілікті жердің практикалық мүдделері ғана қанағаттандырды:

- A) Қазан, Ташкент, Бакуде түркі тілдері мен халықтарына қатысты пәндер оқытылды
- B) Киевте Қиыр Шығысқа қажет мамандар дайындалды
- C) Владивостокта Қиыр Шығысқа қажет мамандар дайындалды
- D) Хабаровскіде кержактарға қажет мамандықтар дайындалды
- E) Тифлисте Грузияның ұлттық мәдениеті оқытылды

13. Ресейде Қазан төңкерісінен кейін шығыс факультеттері жабылып, Шығысты оқытқан факультеттер:

- A) философия
- B) тарих
- C) филология
- D) этнография
- E) экономика

14. Кеңес Одағы батысқа қарсы ұстанымда болғандықтан, алғаш қатынас орнатқан Шығыс елдері:

- A) Жапония
- B) Оңтүстік-Шығыс Азия елдері
- C) Америка
- D) Шығыс Европа
- E) Кіші Азия елдері
- F) Австралия

15. Үнділік қоғам өзінің терең бөлінуімен ерекшеленеді:

- A) діни белгісі жағынан
- B) ақыл парасат белгісі жағынан
- C) қауымы жағынан
- D) саяси белгісі жағынан
- E) жынысы жағынан
- F) түр түсі жағынан

16. Африкалық даму үлгісіне тән:

- A) халық санының өсуінің жоғары қарқыны
- B) экономикалық өсудің қарқынды болуы
- C) басқаның есебінен күн көру, ешқандай балама шығармай, тұтынуға ұмтылу
- D) даму мен тұрақтылық
- E) дағдарыс пен артта қалушылық

17. Қытай экономикасы:

- A) болашақта бірінші үлгіде дамыған елдер қатарында жетістікке жете алады
- B) болашақта елдің басқа елдерге көмекке жүгінуінсіз өмір сүре алмайтынын көрсетеді
- C) тұщы судағы түрлі балықтарды, соның ішінде карп балығына өсіруге сүйенеді
- D) мысал ретінде Ресейдің экономикалық дамуының тәжірибесін алға қояды
- E) ауыр индустрияны дамыту мен ауыл шаруашылығын күштеп ұйымдастыруға бағытталған
- F) демографиялық өсім, қарыздың көп болуы, даму стратегиясының жоқ болуынан жыл сайын өрши түсетін проблемалары бар

18. Француз ғалымы Жан-Франсуа Шампольон (1790 -1832):

- A) Жазудың 26 жүйесімен жазылған шамамен 47 мыңдай манускриптер коллекциясын жинаған
- B) Де-Франс Колледжінде египтология кафедрасын ашқан
- C) Санскрит, парсы, араб тілдерінде жүздеген мәтіндерді аударма түрінде де, түпнұсқа да жариялады
- D) Белгілі санскритолог бола тұрып, Калькуттадағы Азия қоғамының президенті қызметін атқарды
- E) Санскриттің «Амаракоша» сөздігінің сыни басылымын дайындады
- F) Бенгали, тибет және басқа шығыс тілдерін жетік білді
- G) 1822 жылы Розетт тасындағы египет иероглифтерімен жазылған жазудың сырын ашқан

19. Америкалық арабтанушы және исламтанушы Грюнебаум Густав Эдмунд:

- A) Америка президентіне араб тілі мен ислам тарихынан сабақ берді
- B) Исламның оған сенетін халықтардың рухани әлемі мен әлеуметтік құрылысын өзгертудегі үлкен рөлін ашты
- C) Құранды араб тілінен орыс тіліне аударды
- D) Бәдәуи болып киініп, Меккеге қажылыққа барды
- E) Тұңғыш рет «саяси ислам» ұғымын енгізді
- F) «Классикалық ислам. Тарих очерк (600—1258)» атты кітаптың авторы
- G) Ислам тарихына әлеуметтік тұрғыда зерттеу жүргізуді енгізді

20. XVII ғасырда құрылған ең алғашқы «Шығыс кітапханасы»:

- A) Луврда сақтаулы тұр
- B) Мұсылман Шығыс бойынша құрылған ең алғашқы энциклопедия
- C) Британ мұражайында сақтаулы тұр
- D) Араб және парсы тілдеріндегі қолжазбалардың негізінде құрылған
- E) Отырар кітапханасында сақтаулы тұр
- F) Кітаптың авторы Бартелеми д'Эрбело
- G) Каир мұражайында сақтаулы тұр

21. Қазіргі замандағы европалық арабтанушы ғалымдар:

- A) В.Бартольд (Германия)
- B) А.Шиммель (Германия)
- C) Р.Эрмес (Нидерланды)
- D) З.Роберт (Нидерланды)
- E) Ж.Ширак (Франция)
- F) М.Иваныч (Венгрия)

22. Қазіргі заманда бар шығыстану қоғамдары:

- A) Франция
- B) Чикаго
- C) Америка
- D) Копенгаген
- E) Дания
- F) Аляска
- G) Познань

23. Шығыстануға Сталин саясатының әсері:

- A) шетелдермен байланысы болған шығыстанушыларға тыңшы деген айып тағылып, қамауға алынды
- B) барлық ғалымдар тибет медицинасымен айналысты
- C) көптеген шығыстанушыларға жала жабылып, атылды, абақтыға қамалды
- D) шығыстанушылар орхон-енисей ескерткішінің сырын ашты
- E) барлық ғалымдар түркі ескерткіштерін зерттеумен айналысты
- F) «өндірістің азиялық әдісі» туралы дискуссияға қатысқан тарихшылар жапа шекті
- G) барлық ғалымдар шумер тілін зерттеумен айналысты

24. Қазақстандық фарабитанудың негізін қалағандар:

- A) С. Кеңесбаев
- B) М.С. Бурабаев
- C) А.Х. Қасымжанов
- D) А.А. Азимхан
- E) А. Нысанбаев
- F) А. Ахметов
- G) Д. Кенжетай

25. Грузин шығыстану мектебінің негізін қалағандар:

- A) А. Акашвили
- B) А. Домбадзе
- C) Н.Я. Марр
- D) М. Басилашвили
- E) Г.С. Ахвледиани
- F) А. Чхеидзе

**Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы

1. Шығыста пайда болған әлемдік діндер:

- A) зороастризм
- B) манихейлік
- C) конфуцийшілдік
- D) синтоизм
- E) иудаизм
- F) буддизм
- G) ислам

2. Орта патшалық тарихының жазбаша дерек көздері:

- A) «Хеканахт абыздың мұрағаты»
- B) «Нефериркара патшаның мұрағаты»
- C) «Пианхи стелласы»
- D) «Тутмос III анналдары»
- E) «Үлкен папирус Харрис»
- F) «Эль-Амарндық мұрағат»
- G) «Пирамида мәтіндері»
- H) «Аменемопе ғибратнамасы»

3. Кейінгі патшалық тарихының жазбаша дерек көздері:

- A) «Тутмос III анналдары»
- B) «Пианхи стелласы»
- C) «Хеканахт абыздың мұрағаты»
- D) «Үлкен папирус Харрис»
- E) Геродоттың «Грек-парсылардың тарихы»
- F) Манефонның «Тарих» еңбегі
- G) Диодор Сицилийскийдің «Тарихи кітапхана» еңбегі
- H) «Эль-Амарндық мұрағат»

4. Ежелгі египеттіктер табынған негізгі құдайлары:

- A) Птах
- B) Осирис
- C) Амон
- D) Сет
- E) Гор
- F) Исида
- G) Хор
- H) Ра

5. Ежелгі Месопатамияның ерте династиялық кезеңі тарихының патшалары:

- A) Ур-Намму
- B) Гильгамеш
- C) Нарам Суэн
- D) Шульга
- E) Римуш
- F) Лугальзагеси
- G) Эанатума

6. Жаңа Вавилондық патшалық билеуші:

- A) Навуходоносор II
- B) Наболопасар
- C) Асархаддон
- D) Хаммураппи
- E) Саргон II
- F) Тиглатпаласар III
- G) Ашшурбанапал

7. Ахеменидтердің парсы патшалығының астанасы:

- A) Сузы
- B) Ктесифон
- C) Экбатаны
- D) Антиохия
- E) Пасаргады
- F) Вавилон
- G) Персеполь

8. Индуизм дініндегі негізгі құдайлар:

- A) Ра
- B) Шива
- C) Кришна
- D) Осирис
- E) Вишну
- F) Брахма

9. Ежелгі Қытайдағы ескі мен жаңаға байланысты қарама-қарсы көзқарастарды ұстанған философиялық мектептер:

- A) манихейлік
- B) джайнизм
- C) легизм
- D) хинаяна
- E) махаяна
- F) моизм

10. Орта ғасырлық Шығыс елдеріндегі мемлекетті басқарудағы ең маңызды ведомстволар:

- A) тіл
- B) әскери
- C) байланыс
- D) қоғамдық жұмыс
- E) сыртқы істер

11. Монғолдардың жаулап алушылық соғыстарын жүргізуіне әсер еткен:

- A) сауданың дамуы
- B) мемлекет территориясын кеңейту және қазынасын арттыру мақсаты
- C) орталық биліктің әлсіреуі
- D) мықты әскердің құрылуы
- E) халық көтерілістері
- F) орталықтанған мемлекеттің құрылуы

12. Ерте феодалдық кезеңде Солтүстік Қытайға қауіп төндірген:

- A) жапондықтар
- B) маньчжурлар
- C) сақтар
- D) сяньбилер
- E) ғұндар
- F) таңғыттар

13. Орта ғасырдағы орталықтанған Қытайда монғолдарға дейін билік құрған әулеттер:

- A) Чжоу
- B) Ляо
- C) Хань
- D) Суй
- E) Тан
- F) Мин
- G) Сун

14. X-XII ғғ. Қытайға қауіп төндірген:

- A) қидандар
- B) түркілер
- C) ғұндар
- D) арабтар
- E) таңғыттар

15. Корея мемлекетіндегі жерге меншік формасы:

- A) Сы тянь, тун тянь
- B) Коре, Сеэн
- C) Улус, тумэн, айл
- D) Гуань тянь, минь тянь
- E) Нэджанджон, кунвонджон
- F) Цзюньтун, миньтун
- G) Чонсиква, конхэджон, кубунджон
- H) Саджон, конмыджонси, минджон

16. Монғолдардың Жапонияны жаулап ала алмауының себептері:

- A) Монғолдардың теңізде шайқас жүргізе алмауы
- B) Жапонияны жаулап алу кезінде үлкен дауылдың болуы
- C) Жапон әскерінің қарсылық көрсетуі
- D) Жапония әскер санының көп болуы
- E) Монғол әскер санының аз болуы
- F) Корея көмектеспеді
- G) Қытай көмектеспеді
- H) Монғолдардың әлсіздігі

17. Аббасидтер халифатының саяси жүйесінің негізгі басшылық қызметтері:

- A) бас хатшы
- B) бас уәзір
- C) кадий
- D) муфтий
- E) халиф

18. Мәмлүктер мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды оқиғалар:

- A) Арабтардың Мысырды жаулауы
- B) Мардж Дабике жанындағы шайқас
- C) Айн-Джалут жанындағы моңғолдардың талқандалуы
- D) Өтеп алушылық қанау жүйесінің қалыптасуы
- E) Таяу шығыстағы крест жорықтары
- F) Моңғолдардың Бағдадты алуы

19. Араб халифатындағы салықтың негізгі түрлері:

- A) харадж
- B) вакуф
- C) икта
- D) ушр
- E) джизья
- F) тимар
- G) джагир
- H) заминдари

20. Сасанидтік Иранда жоғарғы сословиеге кіргендер:

- A) құл иеленушілер
- B) көпестер
- C) қолөнершілер
- D) әскер
- E) абыздар
- F) шенеуніктер
- G) феодалдар
- H) саудагерлер

21. Сасанидтік Иранда төменгі сословиеге кіргендер:

- A) көпестер
- B) құл иеленушілер
- C) шаруалар
- D) шенеуніктер
- E) саудагерлер
- F) қолөнершілер
- G) әскер
- H) абыздар

22. Акбар реформалары:

- A) Иктаның ақшалай төлемге ауыстырылуы
- B) Джиздия салығын жою
- C) Мукта құқығын бекіту
- D) Мұсылман еместерге салықты көбейту
- E) Мансабтар жүйесін құру
- F) Салық салудың жалға беру жүйесін құру
- G) Салық жинау жүйесінің реттелуі
- H) Дінге еріктілік заңын жою

23. Ортағасырлық Үндістанның билеуші санаты ие болған ерекшеліктер:
- A) Бюрократиялық аппараттың сословиелік тұрақтылығы
 - B) Варна-касталық жүйенің тұйықтығы
 - C) Шенеунік-бюрократиялық аппараттың принципіалды ашықтығы
 - D) Қалам адамдары мен қылыш адамдарына бөліну
 - E) Дін басылар толық билікке ие
 - F) Жоғары кастадан төменгі кастаға дейінгі қатаң иерархия
 - G) Лауазымды ақсүйектер мен бюрократиялық шонжарлыққа бөліну
 - H) Әртүрлі касталарға бөліну
24. Орта ғасырдағы Осман империясының әлеуметтік құрылымы:
- A) Ақсүйек лауазымы, ақсүйектер-шэньшиі
 - B) Жоғарғы каста: брахмандар, кшатрийлер және вайшьялар
 - C) Төменгі каста: шудралар
 - D) Салық төлемейтін төменгі тап өкілдері
 - E) Джагирдарлар, заминдарлар және шаруалар
 - F) Жерге жеке меншік, мемлекеттік шаруалар, саудагерлер мен колөнершілер
 - G) Сауатты шенеуніктер
 - H) Әскери ақсүйектер
25. XVI-XVIII ғғ. кейінгі орта ғасырда Осман империясының әлсіреу себептері:
- A) Танзимат реформаларының сәтсіздігі
 - B) Орыс-түрік соғыстары
 - C) Жерге иелік етудің тимарлық жүйесінің дағдарысы
 - D) Орталық мемлекеттік биліктің әлсіреуі
 - E) 1683 жылы осман әскерінің Вена жанындағы жеңілісі
 - F) Ауқымды жерлерге жеке иелік ету – чифтликтердің өсімі
 - G) Иран-түрік соғыстары
 - H) Бірінші дүниежүзілік соғыс

**Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы

1. Мәдениетаралық коммуникация пәнінің пайда болу себебі:

- A) Саяхаттың пен бизнестің дамуы
- B) Білім беру интеграциясы
- C) Әскери доктрина
- D) Мемлекеттер шекарасының өзгеруі
- E) Жаңа мемлекеттің құрылуы

2. Мәдени антропология мәдениеттің дамуын зерттейтін аспектілер:

- A) коннотация
- B) үйлесімділік
- C) діл
- D) өмір салты
- E) тілдесу
- F) генетика
- G) табиғат

3. Әлемнің бейнесіне тән сипат:

- A) айқындылық
- B) кешенділік
- C) тұтастық
- D) бұқаралық
- E) тарихи

4. Бір-бірімен тығыз байланыста және біртұтас болып табылады:

- A) Тіл
- B) Мінез
- C) Тарих
- D) Ойлау
- E) Саясат
- F) Әлеует
- G) Мәдениет
- H) Қоғам

5. Еврейлерге тән мінез:

- A) Ұялшақ емес
- B) Өзімшіл
- C) Арсыз
- D) Батыр
- E) Жасқаншақ емес
- F) Көрегендік
- G) Тұйық

6. Ұжымдық мәдениеттерде маңызды болып саналады:

- A) Топтың көзқарастары
- B) Жеке адам көзқарасы
- C) Жеке тұлғаның мақсаты
- D) Жеке адам қажеттілігі
- E) Басқаға бағынбау
- F) Көпшілік қажеттіліктері
- G) Өзіндік пікір
- H) Топтың мақсаттары

7. 1960-1970 жылдары «қатынасу» ұғымына берілген анықтама:

- A) іскерлік немесе достық өзара қатынастар
- B) тілдесуді кодтау және қайта кодтау
- C) адресанттан адресатқа ақпаратты жеткізу
- D) хабарламаны рәсімдеу тәсілдері
- E) тілдесу ережелері
- F) тілдесу үдерістері
- G) дағдылармен алмасу
- H) тілдік таңбалар арқылы пікір алмасу

8. Жоғары контекстуалды мәдениет өкілдеріне тән:

- A) барлығы сөзбен айтылу керек
- B) жанжал арқылы теңдесу
- C) көп нәрсені болжап біле алу
- D) бейвербалды тілдесуге көп мән бермеу
- E) наразылықты ашық білдіре алу

9. Маскулинді мәдениеттерде маңызды болып саналады:

- A) тіл алушылық
- B) адалдық
- C) аяушылық
- D) күш
- E) еркіндік
- F) ашықтық

10. Жаңа мәдениеттің адамға тигізетін стресстік әсерінің атауы:

- A) Этникалық шаршағандық
- B) Мәдени шок
- C) Мәдени шаршағандық
- D) Физиологиялық шок
- E) Аккультурация стрессі
- F) Идентификация стрессі

11. Қазіргі заманда мәдениеттер диалогіне кері ықпал жасаушы жағдай:

- A) Интеграция
- B) Әлеуметтік жіктелу
- C) Әлемнің алуан түрлілігі
- D) Діни фундаментализм
- E) Атрибуция
- F) Ассимиляция
- G) Инкультурация
- H) Аккультурация

12. Коммуникациядағы дауыстың маңызды роль атқарушы сипаты:

- A) Дауыс қаттылығы
- B) Артикуляция
- C) Батылдық
- D) Ырғақтылық
- E) Әуенділік
- F) Байыптылық
- G) Сөйлеу жылдамдығы
- H) Үстемділік

13. Сепарацияны құрайтын тосқауылдар негіздері:

- A) биологиялық
- B) саяси
- C) климаттық
- D) химиялық
- E) когнитивті
- F) моральдық
- G) діни
- H) этникалық

14. Коммуникация теориясындағы диалогтың түрлері:

- A) жан-жақты
- B) дескриптивті
- C) прескриптивті
- D) тақырыптық
- E) пассивті
- F) бос мағыналық
- G) ақпараттық
- H) белсенді

15. Монологтың негізгі белгілері:

- A) тақырыптан алшақ кету
- B) эмоционалдылық
- C) репликаның ұзақтығы
- D) модальдылық
- E) вариативтілік
- F) көпмағыналылық
- G) композициялық күрделілік
- H) ситуативтілік

16. Бейвербалды амал нақтылайды:

- A) Эмоцияны
- B) Ой-өрісті
- C) Сезімді
- D) Дайындықты
- E) Қоғамдағы орынды
- F) Білімді
- G) Пікірді
- H) Дәрежені

17. Бейвербалды амалдар қамтитын мәлімет:

- A) гаптикалық
- B) іргелі
- C) густикалық
- D) тұрақсыз
- E) өзгермелі
- F) табиғи
- G) одорикалық
- H) құрылымдық

18. Қолдаушының стиль көрсеткіші:

- A) Мойындамау
- B) Мақтау
- C) Әңгіме тақырыбын өзгерту
- D) Сөйлеушінің сөзін бөлу
- E) Тиімділік
- F) Жақсыз сөйлем
- G) Ризашылық білдіру
- H) Мойындау

19. Аттракцияның ішкі факторы:

- A) Ұнау
- B) Өзінің маңыздылығын сезіну
- C) Қатынас стилі
- D) Келбет тартылымдығы
- E) Өзгеге бағыну
- F) Өзіне назар аударту
- G) Ұқсастық факторы
- H) Тұлға аралық

20. Адамның жүріс-тұрысы:

- A) мәдени сәйкестілік
- B) аңғал реализм
- C) әлемге түрлі көзқарас
- D) эволюция нәтижесі
- E) қандай да бір топқа қатыстылығы
- F) мәдени айырмашылық
- G) инкультурация механизмі

21. Мәдениетаралық коммуникация саласындағы жүргізілетін зерттеулер бағыты:

- A) психофизиологиялық
- B) физиологиялық
- C) тарихи
- D) ақпараттық
- E) лингвистикалық
- F) идеологиялық
- G) психологиялық
- H) әлеуметтік

22. Стереотиптер мәдениетаралық коммуникацияға кедергі болады, егер олар:

- A) жартылай шындық пен бұрмалауға негізделсе
- B) маңызды болса
- C) болжау болса
- D) жаңылыс пікірді қайталаса және үдетсе
- E) бейвербалды таңбаларға негізделсе
- F) түрлендірілсе
- G) тұрақты сөз тіркестерінен қалыптасқан болса
- H) адамдардың жеке сипаттары байқалмаса

23. Мәдениетаралық коммуникация үдерісіне қажетті стереотиптің маңызды қызметі:

- A) біршама сенімді ақпаратты жеткізу
- B) түсіндіруші
- C) динамикалық
- D) түсініктерді айқындайтын
- E) шынайылықты жасауға әсер етуші
- F) үстемді
- G) бағыттаушы
- H) психикада көрініс табуы

24. Г. Ауэрнхаймер пікірінше мәдениетаралық құзіреттілікке үйрету бастамасы:

- A) Өзінің мүдделерін айқындау
- B) Ерекшеліктерді теріске шығару
- C) Сыни рефлексия
- D) Өзін-өзі тану
- E) Ерекшелікті мойындамау
- F) Басқаларды зерттеу
- G) Өзгешелікті мойындау
- H) Қоғамдық қажеттіліктерді белгілеу

25. Толерантты тәрбие берудің негізгі мақсаттары:
- А) ұлтаралық қатынас дағдыларын меңгерту
 - В) өз халқының мәдениетін меңгеру
 - С) басқа мәдениеттермен тиімді қарым-қатынас орнату
 - Д) коммуникативті дағдыларды меңгерту
 - Е) басқа мәдениетті игеруге сыни қарау
 - Ғ) жаһандануға бағалау көзқарас
 - Г) доминантты этностың құндылықтарына бағытталу
 - Н) қатынас құруға прагматикалық тұрғыдан қарау

Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы

1. Ламаизм дініндегі негізгі тұлғалар:

- A) Сюаньцзан
- B) Гаутама
- C) Майтрея
- D) Шакиа-Муни
- E) Далай-лама
- F) Боғды-гэгэн

2. Жапонияның астанасы болған қалалар:

- A) Киото
- B) Осака
- C) Хирошима
- D) Вакаяма
- E) Эдо
- F) Окинава
- G) Фукушима

3. Сунь Ятсеннің ұстанған негізгі принциптері:

- A) шаруалар көтерілісі
- B) ұлтшылдық
- C) консерваторлық ұстаным
- D) конституциялық монархия
- E) абсолюттік монархия

4. XVIII ғ. 70-ші жж. Қытай мен Ресей арасында қол қойылған келісімшарттар:

- A) Курил
- B) Симонсеки
- C) Ляодун
- D) Мәскеу
- E) Кяхтин
- F) Бурин трактаты

5. 1860-1890 жж. Үндістанға импортталған ағылшын тауарлары:

- A) Ағаш бұйымдар
- B) Мата
- C) Бидай
- D) Металдан жасалған қару-жарақтар
- E) Металл ыдыстар

6. XVII ғасырда ағылшындық ост-инд компаниясының коммерциялық және саяси орталығы саналған Үндістан қалалары:

- A) Бомбей
- B) Мадрас
- C) Кабул
- D) Дели
- E) Калькутта

7. Жаңа заманда Ауғанстанда мекендеген ең негізгі тайпалар:

- A) Гилзаи
- B) Мелхаи
- C) Мартир
- D) Гелди
- E) Дуррани
- F) Мешхеди

8. XVII ғ. Сефевид династиясы экономикасының құлдырау себебі:

- A) елдің сыртқы саяси жағдайы нашарлауы
- B) ішкі сауданың әлсіреуі
- C) қазына кірісінің азаюы
- D) тең құқықсыз келісімдерге қол қойылуы салдарынан
- E) шаруалардың қалаға көшуі салдарынан
- F) шетел державаларының отарлау саясаты салдарынан
- G) елдің толықтай тоқырауға ұшырауы

9. Осман империясындағы Селим III реформаларының негізгі міндеттері:

- A) Республика жариялау, конституция қабылдау
- B) Соғыс өнеркәсібін дамыту
- C) Ресеймен одақ құру
- D) Мұсылман және мұсылман емес тұрғындардың құқықтарын теңестіру
- E) Египет сепаратизмін басып тастау
- F) Конституциялық монархия орнату

10. XIX ғ. аяғы- XX ғ. басында Осман империясы құрамына кірген мемлекеттер:

- A) Иран, Аден
- B) Тунис
- C) Алжир
- D) Ливан
- E) Біріккен Араб Әмірлігі

11. 1815 жылы ваххабиттер мен Мұхаммед Әли әскерінің шешуші шайқастары жүрген жерлер:

- A) Асир
- B) Дирьие
- C) Хиджаз
- D) Бурайду
- E) Неджд

12. 1879 жылғы ағылшын-зулус соғысы нәтижесінде:

- A) Зулус билеушісі Кечвайо тұтқындалып, Англияға жіберілді
- B) Зулуленд тәуелсіз деп жарияланды
- C) Ағылшындар мен француздар арасында зулус жері үшін тартыс басталды
- D) Ағылшындар тізе бүкті
- E) Зулустарға француздар көмектесіп, жеңіске жетті
- F) Ағылшындар зулустардан бітім сұрады

13. Екінші дүниежүзілік соғыстың бірінші кезеңінде Жапонияның жаулап алған жерлері:

- A) Сахалин
- B) Гуем
- C) Бирма
- D) Тынық мұхит аралдары
- E) Жаңа Гвинея
- F) Пёрл Харбор
- G) Монила

14. 1987 жылы 27 қазанда қабылданған Корей Республикасының жаңа конституциясы бойынша:

- A) Президент қызметінің мерзімі 10 жылға ұзартылды
- B) Ұлттық жиналыс құзіреттілігі күшейтілді
- C) Партияларға тыйым салынды
- D) Ел монархиялық жүйеге өтті
- E) Президент қызметінің мерзімі 5 жылға қысқартылды
- F) Президенттің төтенше шараларды қолдану құқығын шектеді

15. 1928 жылы көктемде гуансылық топтың өзіне бағындырған жерлері:

- A) Хэбей
- B) Нанси
- C) Тяньцзинь
- D) Чунцинь
- E) Ланчжоу
- F) Хунан
- G) Гуандун

16. 1949 жылы қаңтарда Чан Кайшидің ҚКП-мен бітімге келуде делдалдық жасау үшін шарасыздықтан көмекке жүгінген елдері:

- A) КСРО
- B) АҚШ
- C) Польша
- D) Жапония
- E) Германия
- F) Ұлыбритания
- G) Франция

17. 1930 жылы Вьетнам ұлттық партиясының ұйымдастыруымен Фу-тхо, Хай-аюнг провинцияларында өткен қарулы көтерілістердің нәтижесінде:

- A) биліктегілер бітім сұрады
- B) көтеріліс жеңіске жетті
- C) көтерілісшілер билік басына келді
- D) көтеріліс талқандалды
- E) көтерілісшілер ымыраға келді
- F) партия қызметін тоқтатты
- G) көтеріліс көсемдері тұтқындалды

18. 1958 жылғы 8 қазандағы Пәкістандағы әскери төңкеріс нәтижесінде:

- A) Саяси партиялар қызметіне тыйым салынды
- B) Мемлекет тәуелсіздігі жарияланды
- C) Бангладеш мемлекеті құрылды
- D) Орталық және провинциялық үкімет құлатылды
- E) Заң шығарушы билік таратылды
- F) Көппартиялық жүйеге рұқсат берілді

19. 1970-шы жылдардағы Ирандағы дінбасыларының қарапайым ұрандары:

- A) шах тәртібін жою
- B) елде халифат құру
- C) американдықтармен жақындасу
- D) байлыққа кенелу
- E) араб елдерімен жақындасу
- F) шетел капиталын тарту

20. 1973 жылғы Ауғанстандағы әскери мемлекеттік төңкеріске дейін қызмет атқарған премьер-министрлер:

- A) Мұстафа Касем (1971-1973)
- B) Морси Морен (1972-1973)
- C) Кемал Фатих (1971-1972)
- D) Абдұл Захир (1971-1972)
- E) Нұр Ахмад Эттемади (1967-1971)
- F) Махер Ерен (1972-1973)
- G) Алеп Алун (1970-1972)

21. Түркияның Еуропалық Одаққа кіруіне кедергі келтіретін негізгі мәселелер:

- A) Армян геноциді
- B) Күрдтер мәселесі
- C) Шаруалардың күйзелісі
- D) Этатизм ұстанымын ұстауы
- E) Лаицизм ұстанымын ұстауы

22. 1990 жылғы Парсы Шығанағындағы соғыста Кувейтке қолдау танытып, өз әскерлерін жіберген араб елдері:

- A) Сирия
- B) Судан
- C) Алжир
- D) Марокко
- E) Палестина
- F) Йемен
- G) Египет

23. Біріккен Араб Әмірлігі мен Иран арасындағы территориялық шиеленіске негіз болған Парсы Шығанағындағы аралдар:

- A) Зафер
- B) Маруф
- C) Кіші Томб
- D) Шараджа
- E) Абу Мұса
- F) Танжер
- G) Синай
- H) Үлкен Томб

24. I дүниежүзілік соғыс қарсаңында Оңтүстік Африкалық Одақтың парламенті мен үкіметінің қабылдаған заңдары бойынша:
- A) африкандықтарға «тіркелеген туземдік аудандардан» басқа жерлерден жер телімдерін сатып алуға, жалға алуға қатаң тыйым салынды
 - B) ірі компанияларды иеленуге құқық берілді
 - C) африкандықтарға лауазымдық қызметке орналасуға рұқсат берілді
 - D) кез-келген жерден жер сатып алуға құқық берілді
 - E) африкандық жұмысшыларға жұмыстарын ауыстыруға тыйым салынды
25. 1953 жылы жергілікті тұрғындардың қарсыластығына қарамастан Англияның Родезия және Ньясаленд Федерациясына біріктірген Орталық Африкадағы өзінің иеліктері:
- A) Ньясаленд (Малави)
 - B) Кения
 - C) Мавритания
 - D) Солтүстік Родезия (Замбия)
 - E) Руанда
 - F) Эфиопия
 - G) Оңтүстік Родезия (Зимбабве)
 - H) Камерун

**Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**